



ЖШС «Алтын Самұрық» бөбекжай –балабақшасы

**2023–2024 оқу жылының жылдық
жоспарын бекіту**

Меңгеруші: Мырсейтова Э.С.

2023–2024 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту

Балабақшаның 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жоспары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес, педагогикалық ұжымның бірлескен жұмысы негізінде әзірленді.

Жылдық жоспардың негізгі мақсаты – тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, білім беру сапасын арттыру, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту, сондай-ақ қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру болып табылады.

Жоспарда келесі негізгі бағыттар қамтылған:

- оқу-тәрбие процесін жоспарлы және жүйелі ұйымдастыру;
- балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамыту;
- инклюзивті білім беру элементтерін жетілдіру;
- инновациялық педагогикалық технологияларды (ойын технологиясы, STEM элементтері, зерттеу әрекеті) енгізу;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, әдістемелік қолдау көрсету;
- ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту;
- балалардың денсаулығын сақтау және сауықтыру шараларын ұйымдастыру.

Оқу жылы барысында педагогикалық кеңестер, әдістемелік отырыстар, семинарлар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шеберлік сыныптар мен тәжірибе алмасу жұмыстары жоспарланған. Сонымен қатар педагогтердің шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталған байқаулар мен жобалар өткізіледі.

Балалардың даму деңгейін бақылау мақсатында бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг жүргізіліп, оның нәтижелері негізінде жеке түзету жұмыстары ұйымдастырылады.

Жылдық жоспар аясында балабақшадағы материалдық-техникалық базаны жетілдіру, дамытушы орта құру және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету мәселелері де қарастырылған.

Жалпы алғанда, 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар балабақша қызметінің сапасын арттыруға, педагогикалық ұжымның кәсіби дамуына және тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына бағытталған маңызды құжат болып табылады.

Осыған байланысты 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекітуді ұсынамын.